

МРНТИ 15.21.65

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.04>

Г.Е. Нусупова¹ З.Н. Бекбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
(Алматы, Қазақстан)

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН БҰЗЫЛУ МЕХАНИЗМІ

Аңдатпа

Бұл мақалада зияты зақымдалған балалардың сөздік қорының белсенділігінің бұзулу механизмдері қарастырылған. Қазіргі уақытта біздің қоғамда зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің зақымдалуы өзекті мәселе болып отыр. Сөйлеу адам өмірінде ең маңызды орынды алады. Баланың сөйлеу қабілетінің бұзылуы басқа проблемалардың тереңдеуіне әкеледі. Мысалы, ойлау қабілетінің бұзылуына, мінез-құлқы мен қоғамға бейімделуіне теріс әсер етеді.

Сөйлеу тілін дамыту-зияты зақымдалған балалармен логопедиялық жұмыстың маңызды міндеттерінің бірі. Ақпараттың едәуір бөлігі вербалды әдістермен беріледі. Адамның өмірдегі және қоғамдағы жетістігі оның сөйлеу қабілетіне байланысты. Бірақ сөйлеу тілінің толық қалыптасқандығын сөздік қорындағы сөздерді белсенді қолданғанда ғана айта аламыз. Сөйлеу балаға қарым-қатынас жасауға, өз пікірін айтуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар басқа танымдық процестердің дамуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушылары, белсенділік, сөздік қор, лексика, механизм.

Г.Е. Нусупова¹ З.Н. Бекбаева¹

¹Казахский Национальный Педагогический Университет им Абая
(Алматы, Казахстан)

МЕХАНИЗМ НАРУШЕНИЯ АКТИВНОСТИ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В данной статье рассмотрены механизмы нарушения активности словарного запаса детей с нарушением интеллекта. В настоящее время актуальна в нашем обществе проблема нарушения речи у детей с нарушением интеллекта. Мы знаем, что речь занимает одно из важнейших мест в жизни человека. Нарушения речи у ребенка ведет к углублению других проблем. Например, отрицательно влияет на мыслительную деятельность, на характер и адаптацию в обществе.

Развитие речи является одним из важнейших задач логопедической работы с детьми с нарушением интеллекта. Значительная часть информации передается вербальными методами. И успех человека в жизни и в обществе зависит от его способности на сколько он владеет речью. Но о достаточно сформированном речи можно судить только при активном использовании слов словарного запаса. Речь дает ребенку возможность общения, высказывания собственного мнения, поднимает самооценку ребенка. А также способствует развитию других познавательных процессов.

Ключевые слова: дети с нарушением интеллекта, активность, словарный запас, лексика, механизм.

G.E. Nussupova¹ Z.N.Bekbayeva¹

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)*

THE MECHANISM OF VIOLATION OF THE ACTIVITY OF THE VOCABULARY OF CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES

Abstract

This article examines the mechanisms of violation of the activity of the vocabulary of children's with intellectual disabilities. Currently, the problem of speech disorders in children with intellectual disabilities is relevant in our society. We know that speech occupies one of the most important places in a person's life. Speech disorders in a child leads to the deepening of other problems. For example, it negatively affects mental activity, character and adaptation in society.

Speech development is one of the most important tasks of speech therapy work with children with intellectual disabilities . Much of the information is transmitted by verbal methods. And a person's success in life and in society depends on his ability to how much he speaks. But a sufficiently formed speech can be judged only with the active use of vocabulary words . Speech gives the child the opportunity to communicate, express his own opinion, raises the child's self-esteem, and also contributes to the development of other cognitive processes.

Key words: *children with intellectual disabilities , activity, vocabulary, mechanism.*

Кіріспе. Арнайы білім беруді дамытудың барлық кезеңінде оның басты міндеті зияты зақымдалған балаларды оқытудың тиімділігін арттыру және тәрбиелеу болды . Бұл процессте олардың сөйлеу тілін дамыту ерекше рөл атқарады.

Баланың сөйлеу тілін дамыту - бұл мақсатты бағытталған жүйелі педагогикалық жұмыс. Сөйлеу-бұл балалардың өзін-өзі көрсетуі мен қарым-қатынасының негізгі құралы мен формасы, ол оның мінез-құлқын реттеу тәсілі ретінде қызмет етеді. Л.С. Выготскийдің айтуынша бала үшін сөйлеудің бірінші атқаратын қызметі ол – хабарламалық қызмет. Яғни, бала сөйлеудің осы қызметі арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсіп, байланыс орнатады. Бүгінгі таңда психологтар мен психолінгвисттер баланың сөйлеу тілін дамытудың 2 жолын анықтаған. Бастапқыда баланың қоршаған орта туралы білімін толықтыру, қоршаған ортамен байланыс орнату жұмыстары жүргізіледі. Содан кейін жүргізілетін жұмыс- баланың сөздік қорын дамыту. Сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолданумен байланысты дағдылардың жетілмегендігі зияты зақымдалған балаларға тән қасиет болып табылады.

Осы санаттағы балаларға тән көптеген қиындықтардың ішінде зерттеушілер лексикалық тапшылықты ажыратады .Қарастырылып отырған топтағы балалардағы сөйлеу бұзылысының көрінісінде сөйлеу патологиясының әртүрлі белгілерінің біркелкі еместігі, өзгермелілігі және комбинаторлығы да байқалады.

Қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен салыстырғанда белсенді және пассивті сөздіктің мөлшері арасында айтарлықтай алшақтық айырмашылықтары бар. Сөздік қорын белсендендіру өте қиын: балалар сөздік қорындағы лингвистикалық бірліктерді пайдаланбайды, олармен жұмыс істеуді білмейді, бұл тілдік құралдардың реттелген құрылымының қалыптаспағандығын, тілдік белгілерді өздігінен таңдауға және оларды сөйлеу әрекетінде қолдануға қабілетсіздігін көрсетеді.

Осылайша, зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілін сипаттай отырып, ғалымдар сөздік қорын белсендендірудің бұзылуын көрсетеді. Сонымен қатар, осы санаттағы балалардағы бұл бұзылулардың механизмдері қазіргі уақытта аз зерттелген.

Бұл жұмыста «белсендендіру» термині баланың сөздік қорын нақтылауға, байытуға, жүйелеуге бағытталған процесс ретінде түсіндіріледі .Баланың импрессивті сөздік қорын экспрессивті сөйлеу тіліне аудару болып табылады. (сөзді сөз тіркестеріне, сөйлемдерге қосу).

Зерттеу жұмысының мақсаты – зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын белсендендіру бойынша логопедиялық жұмыстарды көрсету.

Зерттеудің материалдар мен әдістері. Зерттеу жұмысы барысында зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын белсендендіруді іске асыру үшін мынадай әдістер пайдаланылды: теориялық әдіс (психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық, психолингвистикалық, әдебиеттерге талдау), эмпирикалық әдіс (бақылау).

Нәтижелер мен талқылаулар. Зияты зақымдалған балалардың сөздік қорын белсендендіру жұмысы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылған. Зерттеу жұмысында логопедиялық мәліметтермен қоса онымен байланысты өзге ғылымдардың деректері қарастырылды. Зерттеу жұмысы зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын, оның ішінде жүйелі сөздік қорын қалыптастыру және дамыту бойынша түзете-дамыту жолдарын анықтауға көмектеседі [2].

Ғалымдар сөздік қорды зерттей отырып, тілдік бірліктер адамның миында белгілі бір реттілікпен жүйелі түрде орналасатындығын анықтаған. Олар тілдік бірліктердің сызықтық және иерархиялық түрде орналасатындығын көрсетті. Осыны басшылыққа ала отырып, бір-бірімен байланысты құрылымдар арқылы олар тұрақты байланыстары бар динамикалық функционалды жүйені құратындығын анықтауға болады. Мағынаның өсу дәрежесіне, түбірлес сөздердің сипатына қарай орналасқан бір тақырыптағы сөздер логикалық қатарларға біріктіріледі [1, 3]. А.А. Леонтьев атап өткендей, белгілі бір семантикалық өрістен сөз таңдау механизмі акустикалық-артикуляциялық және семантикалық белгілердің иерархиясы негізінде екі тәуелсіз, бірақ өзара келісілген жолмен жүзеге асырылады. Дегенмен біріншілік екінші жолға тән. [6].

А.Р. Лурияның практикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек, баланың сөйлеуге дайындалуы барысында біріншіден қажетті сөзді істеу жұмысы басталады. Ол бір семантикалық жүйеде жүзеге асады. Екінші осы өрісте дыбыстық және ситуациялық жиынтықтан қажетті сөзді бөліп алу жүзеге асады [8].

А.Р. Лурияның осы зерттеулеріне сүйене отырып, сөздер семантикалық деңгейде ғана емес, дыбыстық деңгейде де, тақырыптық деңгейде де, перцептивті деңгейде де байланысты болатындығын айта аламыз. Бұл кезде баланың санасында жағдайлар мен олардың бір-бірімен қатынасы маңызды болып табылады. Ол қоршаған ортамен танысу мен оны түсіне алудың нәтижесі.

Адамның физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты сөйлеу тілінде семантикалық байланыстар басым келеді. Сол себепті қажетті сөзді іздеу барысында дыбыстық іздеу бірінші зақымдалады. Үшінші болып, сөзді іздеудің жағдаяттық жағы және соңғы болып мағыналық жағы тежеледі. Сөздің мағынасын мүмкін болған сөздердің ішінен таңдау жағдайында, ең алдымен, сөздің контекстке қатысына талдау жасалады, содан кейін сөздің дыбысталуын, оны пайдалану жиілігін таңдайды, психологиялық тежелуді жеңеді. [8].

Адам лексикасының психолингвистикалық зерттеулері ақпаратты ұйымдастыру, қабылдау, өңдеу, сақтауды зерттеумен айналысатын психологияның бір саласы когнитивтік психологиямен байланысты [10]. Сөйлеу – бұл когнитивтік психологияның бір саласы болып табылады.

Ақпаратты өңдеу- блок моделі ретінде жүзеге асады. Бұл модельге сәйкес келіп түскен ақпараттарды өңдеу бір-бірімен тығыз байланысты қоймалардың жиынтығынан құралады. Келіп түскен ақпарат бірінші сенсорлық жадыда өңделеді. Бұл жадыда көру және есту қабілеті маңызды болып табылады. Зерттеу жүргізе келе сенсорлық жадыда қысқа уақытта өңделмеген визуалды ақпараттың көп мөлшерін орналастыратындығын тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Әрі қарай, селективті зейін арқылы таңдалған осы ақпараттың кейбір бөлігі аралық (қысқа мерзімді) қоймаға жіберіледі.

Аралық қоймада оның көлемін ұлғайту мақсатында ақпаратты бастапқы саналы өңдеу (ретке келтіру) басталады.

Ақпаратты өңдеу неғұрлым терең болса, оны есте сақтау соғұрлым жақсы болады. Ақпаратты өңдеу кодтаудан басталады. Кодтау дегеніміз бір формадан келесі формаға түрлендіру. Мысалы, визуалды қабылданған ақпаратты санада акустикалық ақпаратқа түрлендіреміз, ал түрленген акустикалық ақпаратты семантикалық ақпаратқа түрлендіру. Осылайша қабылданған кез-келген ақпарат санада бір-бірімен байланысып, белгілі бір бірліктерге топтастырыла отырып сақталады.

Ұзақ мерзімді есте сақтау барысында ақпараттың семантикалық компонентінің сақталатындығы анықталған. Бұл блокта сақталған ақпараттар белгілі бір қатынастар бойынша жүйеленген. Ұзақ мерзімді есте сақтау кезінде ақпараттың қалай кодталғандығы мен қалай сақталғандығы маңызды болып келеді. Зерттеушілер ақпараттың негізінен категорияларға жіктеліп алынатындығы анықталды. Санаттау процесі адамның білім қорына (әлем туралы идеялар) үлкен әсер етеді. Семантикалық түрде кодталған ақпаратты алу оңай болып табылады.

Осы ережелерге сәйкес ақпаратты визуалды кезеңде, дыбыстық кезеңде немесе семантикалық кезеңде бөліп алуға болады. Ал осы үш кезеңнен де өткен ақпарат ұзақ мерзімді есте сақтау блогында сақталады және белсенді сөздік қорына өтеді.

Когнитивті психологияда мағынасы жақын бірліктерді кластерлерге және топтарға бөлу теориялары есте сақтауға көмектеседі [10].

Класстер моделі бойынша есте сақталған материал кластер түрінде немесе жүйелі түрде сақталады. Мысалы, белгілі бір жеміс туралы естелік, өзге жемістер туралы естелікпен бірге жадыда сақталады, ал белгілі бір транспорт туралы естелік, өзге транспорттар туралы естеліктермен бірге сақталады және т.б.

Есте сақтаудың топтық моделі жадыда сақталған материалдың категориялар бойынша сақталуын қамтамасыз етеді. Топтық модельде материалдың белгілері бойынша да жадыда сақталады. Мысалы, машина, автобус, троллейбус «транспорт» категориясында сақталады. Сонымен қатар осы категорияның белгілері бойынша да есте сақталады. Мысалы, есік, дөңгелек, рөл, терезе-транспорттың белгілері.

Салыстырмалы семантикалық белгілер топтық модельмен ұқсас болып келеді. Екі модельдің айырмашылығы, семантикалық жадыда есте сақталған ақпараттардың сақталуының ерекшелігінде. Семантикалық жадыда ақпарат анықтайтын және сипаттайтын екі түрде орналасады. Мысалы, «автобусты» алсақ, дөңгелегі, есіктері, терезелері, рөлі, орындықтары оның анықтайтын белгілеріне жатады. Ал сипаттайтын белгілері- отыратын орындықтары көп, жылдам жүреді, қауіпсіз және т.б.

Ұғымдар адамның жадында нақты байланыстар ретінде (мысалы, "бекіре -бұл балық") немесе пропозициялық құрылымдардың күрделі ассоциативті желісі түрінде сақталатындығына негізделген.

Айта кету керек, барлық осы модельдер үшін жалпы ереже-бұл семантикалық негізде категориялардың жүйелілігі мен байланысы. Лингвистикада осыған ұқсас теорияны семантикалық өрістер теориясы деп атайды. Осы теориялардың негізінде когнитивтік психология мен лингвистика теорияларының ұқсастығын айта аламыз. Семантикалық өрістер теориясы бойынша барлық тіл бірліктері семантикалық категорияларға бөлінеді.

Зияты зақымдалған балаларға дыбыс, бейне, сөз және оның денотативті, концептуалды немесе контекстік мазмұны арасында барабар байланыс орнату қиын. Сондықтан бұл категориядағы балалар сөздігіне тән қасиет вербалды парафаза арқылы білдірілген сөздерді қолданудың дұрыс еместігі болып табылады. Балалар жалпылауыш сөздерді орынсыз қолданады (*алма-жеміс, қарлығаш-құс*). Кей жағдайда керісінше жалпылауыш сөздерді білмей жатады (*гүл-раушан, қыс- қаңтар*) сөздерді дыбыстық жағынан ұқсас сөздерді (*қаймақ- аймақ*) және сыртқы көрінісі ұқсас болып келетін (*арыстан - жолбарыс*), көптеген жалпы сөздерді білмейді (*душ, батарея, шыны, коньки*). Ғалымдардың пікірінше (Л.С. Выготский, Р. И. Лалаева, В. И. Лубовский, В.Г. Петрова және т. б.), зияты зақымдалған балалардың санасында бекітілген сөздердің мағыналары

белгісіздікпен, бір-бірінен анық емес бөлінумен ерекшеленеді. Бұл факт маңызды емес. Бірақ сыртқы немесе кездейсоқ белгілерді бөлуге негізделген. Бұл бұзылулардың бастысы себебі - баланың есту және көру қабілетінің нашар дамығандығы немесе бұзылыстары болып табылады. Сонымен қатар ақпаратты өңдеуге қатысатын сенсомоторлық анализатордың арасындағы байланыстың бұзылуы. Бұл жүйелердегі байланыстың бұзылуы, бұл сөздерді бастапқы кодтауды толығымен жүзеге асыруға және сөздің визуалды, акустикалық және семантикалық бейнелері арасында қажетті байланыстарды орнатуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, *душтың* бейнесі бар суретке қарап, бала *суару* немесе *құю* деген сөзді айтады, *араның* суретіне қарап, *шыбын* сөзін айтуы мүмкін.

Когнитивтік психологиядан алынған деректерді пайдалану қажетті тілдік бірлікті ұзақ мерзімді жадыдан алу қиындықтары бұл ақпаратты кодтау дұрыс жүргізілмегендігімен байланысты деп айтуға мүмкіндік береді. Яғни, бала қажетті тілдік бірлікті тез табуға мүмкіндік беретін сөздер арасында қажетті семантикалық байланыстарды орната алмады. Зияты зақымдалған балалар көбінесе дұрыс тілдік бірлікті таңдай алмайды, өйткені олардың санасында тілдік кодта осы мағынаның ең жиі кездесетін және таныс өкілі (*шалбардың* орнына *киім*, *таңғы ас ішудің* орнына *тамақтану*) немесе неғұрлым нақты емес, жалпы бірлігі бар (*көгершіннің* орнына *құс*; *салудың* орнына *жасау*) сөздер белсенді болады. Әлсіреген бақылау "шамамен" бастапқы номинацияның нұсқасын алып тастауға мүмкіндік бермейді және сөйлеуде бұл жағдайға ең қолайлы, сәйкес келетін сөз жүзеге асырылмайды. Сөйлеудің бақылау функциясының әлсіздігі дыбыстық ұқсастығы бар сөздерді таңдаумен байланысты қателіктердің пайда болуына ықпал етеді (семантикалық өрісте мұндай сөздер жақын орналасқан). Бір мезетте бірдей мағынаға сәйкес келетін тілдік бірліктер санада бір уақытта белсендендіріледі. Бұл кезде екпін түсетін буын, буындар саны, сөз бөлігінің дыбыстық сәйкестігі сияқты белгілер ескеріледі. Олардың біреуін өшіру қажет емес бірлестіктерді уақытында тоқтатуға мүмкіндік бермейді.

Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының экспрессивті сөйлеуінде белсенді сөздік қоры сөзді қабылдау кезінде де, айту кезінде де туындайтын қиындықтарға байланысты бұзылады.

Осы санаттағы балаларда сөздік қорын белсендендірудің анықталған ерекшеліктері ақпаратты қабылдау мен өңдеуге белсенді қатысатын көру, есту және моторлық анализаторлары, яғни сенсорлық жүйелер арасындағы қатынастардың бұзылуына байланысты. Бұл тақырып туралы толық визуалды, акустикалық және семантикалық түсінікті қалыптастырудың қиындықтарына әкеледі. Осыған байланысты оқушылардың санасында бекітілген сөздердің мағыналары белгісіздік пен бір-бірінен анық емес бөлінуімен ерекшеленеді. Буынның орны, буындар саны, сөз бөлігінің дыбыстық сәйкестігі сияқты инвариантты параметрлер бойынша тілдік бірліктердің ұқсастығы сөздіктің дұрыс емес немесе жеткіліксіз актуализациясына әкеледі.

Зерттеу нәтижесінде зияты зақымдалған балаларды сөздің объектілік бейнесін ғана біледі. Бұл балаларда ұғымдар мен түсініктер мәні туралы ой қорытулар, абстракциялық көрсету, жанама ойлау қызметі қалыптаспаған. Оқушылар сөздің тұжырымдамалық белгілерін анықтауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, сондықтан көп жағдайда тақырыптың семантикалық белгілеріне емес, денотативті белгілерге ғана назар аударатындығы анықталды.

Осылайша, зерттеу мәселесі бойынша әдеби дереккөздерді талдау зияты зақымдалған балалардағы сөздердің белсендендірілуінің бұзылу механизмі сөздердің лексикалық мағынасын игерудің қиындығымен ғана емес, күрделі тілдік процесті құрайтын дағдылардың дамымауымен байланысты екендігі анықталды. Мысалы бала лексиканы жақсы меңгергенімен морфологияны, фонетиканы немесе синтаксисті жеткілікті түрде меңгермеген болса немесе бұзылыстары кездессе, балада сөздіктің қорының белсенділігі төмен болады деп болжаймыз. Балалармен түзете дамыту жұмыстарын жүргізер кезде осы

факторларды да ескерген жөн. Осы тәсілдің негізінде түзете оқыту жұмысы барысында айтарлықтар нәтижелерге жете аламыз. Балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетіп, қарым-қатынас дағдыларын дамыта аламыз. Ал, қарым –қатынас дағдыларын дамыта отырып, баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне зор ықпал етеміз.

Осы идеялардың негізінде біз зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын белсендендіру ерекшеліктерін зерттеу әдістемесін жасадық. Эксперименттік материал зерттеуге бағытталған жеті тапсырмадан тұрады:

- 1) сөздерді өзектендіру (зат есімдер мен етістіктердің пассивті және активті сөздігі);
- 2) ұғымдардың көлемін арттыру;
- 3) заттардың атауларымен танысу;
- 4) сөздерді тақырыптар бойынша жіктеп, белсендендіру;
- 5) сөздердің сөйлем ішінде белсенді қолданылуын қамтамасыз ету;
- 6) сөздерді мәтіннің ішінде белсенді қолдану;
- 7) белсенді сөздік қорды арттыру барысында семантикалық белгілердің саны мен сапасына бағдарлау.

Тапсырмаларды құрастыру барысында В.А.Ковшиковтың сипаттаған эксперименттік жағдайларын басшылыққа алдық [4].

Сөздік қорды белсендендіруді анықтауға арналған эксперименттік материалдың мазмұны: Бірінші блок «зат есімдердің белсендендірілуін зерттеу» және «етістіктердің белсендендірілуін зерттеу» деп аталатын екі бөлімнен құралды. Аталған бөлімдердің әрқайсысы импрессивті және экспрессивті сөздік қорды зерттейтін екі сериядан тұрады.

Екінші блок, ұғымдардың көлемін зерттеуге бағытталған екі тапсырма сериясына бөлінеді. Бірінші серияда сөзді түсінуін қойылған сұрақтарға жауап беру кезінде тексерілді. Ал екінші серияда сөзді түсінуін ұсынылған «негізгі» суретке сәйкес келетін «қосымша» суретті сәйкестендіру, таңдау кезінде тексерілді.

Өзге блоктар бөлімшелерге бөлінбеген.

Үшінші блок тақырыпты әртүрлі ортада атауды зерттейді, оның атауына орнатуды жасайды.

Төртінші-тақырыптық топтарға кіретін сөздердің белсендендірілуін зерттейді.

Бесінші блокта сөйлемде, алтыншы блокта-мәтінде әрекет ететін контекстік шарттардың сөздерін іздеуге әсері анықталады.

Жетінші эксперименттік блок балалар дұрыс сөзді іздеген кезде басшылыққа алатын семантикалық белгілердің саны мен сапасын зерттеуге бағытталған.

Осылайша, сөздік қорды белсендендіру ерекшеліктерін зерттеу стратегиясы балалардың мағыналық, дыбыстық, синтаксистік ерекшеліктері бойынша сөздерді түсінуі мен айта алуын зерттеуді жүзеге асырды. Баланың сөйлеу барысында қажетті сөзді іздеп, таңдап алуына әсер ететін жағдайлар анықталды. Сөздерді бірдей және семантикалық, дыбыстық және ырғақты сипаттамалары бойынша ерекшеленетін сөздер тобына енгізілді; сөздерді іздеудің сөйлем мен мәтіндегі басқа сөздермен байланысына тәуелділігі анықталды.

Қорытынды. Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын белсендендіру бойынша логопедиялық жұмыста баланың айналасындағы қоршаған орта туралы білімге негізделген сөздік қорын жинақтау мен байытуға, белсендіруге, сөйлемде зат есімдерді ғана емес, сонымен қатар сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді белсенді қолдануға басты назар аударылады. Ана тілінің лексикалық жүйесінің қалыптасуы біртіндеп жүреді, және барлық балалар семантикалық бірліктер мен қатынастарды бірдей сәтті игере бермейді, сондықтан білім беру процесі әр баланың мүдделері мен мүмкіндіктерін ескереді.

Сөйлеу тілінің дамуы баланың қоршаған әлемді сенсорлық қабылдауына тікелей байланысты. Балалардың сөздерді сандық жинақтау процесі балалардың ойында, еңбекте, танымдық, тұрмыстық іс-әрекетінде орын алатын дүниені белсенді тану негізінде жүзеге

асады. Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры үнемі жаңартылып, нақтыланып, дамып отыруы үшін баланы жаңа заттар мен құбылыстармен, олардың атауларымен таныстырып отыру қажет. Жақсы дамыған сөйлеу тілі – балалардың жан-жақты дамуының ең маңызды шарты. Баланың сөйлеуі неғұрлым бай және дұрыс болса, оған өз ойын жеткізу оңайырақ, қоршаған шындықты тануда оның мүмкіндіктері кеңірек болады. Құрдастарымен және ересектермен неғұрлым мазмұнды және толыққанды қарым-қатынаста болса, соғұрлым оның сөйлеуі белсендірек болады. Баланың дамуымен оның қарым-қатынасқа деген қажеттіліктері артады, бұл оның сөйлеу дағдыларының дамуын ынталандырады.

Сөйлеу тілін дамытуда сөздік қор маңызды рөл атқарады: сөздік қорын дамыту, сөз мағынасын нақтылау, пассивті сөздік қорды белсендіру. Ойын мектепке дейінгі іс-әрекет болғандықтан, баланың сөздік қорын дамытуда түрлі ойындар мен ойын жаттығуларын қолдану жақсы нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Referens:

1. Ahutina T.B. *organizasia slovorya cheloveka po dannym afazii*. M: Nauka, 1985.
2. Bezrukova O.A. *Formirovanie sistemnyh leksicheskikh predstavlenii u doshkol`nikov s obshim nedorazvitiem rechi // Sovremennye tehnologii diagnostiki, profilactiki I korreksii narushenij razvitiya: materialy nauch.-prakt. konf., posvyash. 10-letiu MGPU T.II*. M., 20057
3. Zalevskaya A.A. *Slovo v leksikone cheloveka: Psiholingvesticheskoe issledovanie*. Voronezh, 1990.
4. Kovshikov V. A. *Ekspressivnaya alaliya*. SPb.:KARO, 2006.
5. Lalaeva R.I. *Narusheniya rechi I puti ih korreksii u mladshih shkol`nikov*. SPb.: VLADOS, 1998.
6. Leontiev A.A. *Slovo v rechevoj deyatel`nosti: Nekotorye problem obshej teorii rechevoj deyatel`nosti*. M., 1965.
7. Lubovskij V.I. *Razvitie slovesnoj regulyasii dejstvij u detej (v norme I potologii)*. M.: Pedagogika, 1978.
8. Luriya A.R. *Yazyk I soznanie*. M.: Izdatel`stvo Moskva. Un-ta, 1998.
9. Petrova V.G. *Razvitie rechi uchashihsya vspomogatel`noj shkoly*. M.: Pedagogika, 1977.
10. Solso R.L. *Kognitivnaya psihologiya*. M.: Trivoda, 1996.